

Қазақ акционерлік агроөнеркәсіп банкінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне берешектерін мемлекеттік ішкі қарыздарға жатқызу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 сәуір N 445. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

"Елдегі селоны және агроөнеркәсіп кешенін 1996-1997 жылдары мемлекеттік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2693 U952693_ Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазақ акционерлік агроөнеркәсіп банкінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне 1992-1994 жылдары бұрынғы "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының кәсіпорындарына бөлінген 329560,2 мың теңге негізгі қарызы бойынша берешегін "1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 Заң күші бар Жарлығымен белгіленген лимит шеңберінде мемлекеттік ішкі қарызға жатқызу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен аталған қарызды қамтамасыз ету шарттары жөнінде келісімді ресімдесін.
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі